

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 176-179.

**ӘОЖ 636.32/38.082**

## **«ӘУЛИЕ-АТА ФЕНИКС» ЖШС ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҚҰС ЕТІН ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Расылхан А., 4-курс студенті  
Амантай Салтанат, PhD, аға оқытушы  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық  
зерттеу университеті, Астана қ*

Құс шаруашылығының әлемдегі және еліміздегі дамуы нарықтық қатынастардың өте күрделі жағдайларына байланысты жүзеге асады. Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстан Республикасы мүше болып кіргенде әлемдік нарықтық бәсекелестігіне төтеп бере алатын өнімнің бірі - құстың еті мен жұмыртқасы. Құстардың бұл өнімдері арзан, бағалы, өте құнды екені мәлім.

Қазақстанда құс етін өндіру және тұтыну шектелмейді. Көптеген елдер адам басына 20-30 кг-ға жуық құс етін жұмсайды, ал АҚШ-та тіптен 50 кг-ға жетеді. Сонымен қатар, құс өнімдері қазіргі уақытта тұтынушылар үшін ең қолжетімді болып табылады [1-3]

Қазақстанда құс етін өндіру және оны пайдалану кеңінен қолданылып келеді.

2022 жылдың қаңтар–қазан айларында Қазақстанда 93,3 мың тонна балғын немесе салқындатылған құс еті өндірілген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,5% - ға артық. Ал елімізде мұздатылған құс еті өндірісі өткен жылмен салыстырғанда 1,7% - ға артық болып, 109,3 мың тоннаны құрады.

Өңірлік тұрғыда балғын немесе салқындатылған құс етін өндіру бойынша Ақмола облысы көш бастап тұр: 35,2 мың тонна. Көшбасшылар үштігіне Шығыс Қазақстан және Алматы облыстары да кіреді. [4].

Қазіргі уақытта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қатарына жатқызылған жұмыртқа, тауық еті бағасының аспандап кетуі көпшіліктің назарын туғызып отырғаны мәлім. Айта кетейік, Қазақстанда ет пен құс етінің бағасы 6 жылдан аса уақыттан бері үздіксіз өсіп келеді. Мұның басты себептің бірі ретінде жемнің қымбаттап кетуі жатса, екіншіден көршілес мемлекеттердің геополитикалық жағдайының тұрақсыздығыда айтарлықтай әсер етіп отыр.

Құс шаруашылығындағы негізгі мақсаттың бірі – халықты сапалы өнімдермен қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету үшін құстардың жоғары деңгейдегі өнімділігі мен олардың сақталуына қол жеткізуді жүзеге асыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Құс шаруашылығы әлемнің

көптеген елдерінде басқа да ауыл шаруашылық өндірісіне қарағанда жетекші орынды алып, халықты жоғары сапалы диеталық тағам өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Құс шаруашылығының дамуы көбіне толыққанды және теңдестірілген азықтандырумен байланысты. Құстардың көбінесе толыққанды рацион құрамында болатын негізгі құнарлық заттардан – протеин, кальций, фосфор және каротиннен басқа да, биологиялық активті заттарды тұтынуы маңызды болып табылады.[5,6].

Бройлер етінің өнімділігі мен сапасы көбінесе құс өсіру технологиясына байланысты екені белгілі. Қазіргі уақытта отандық бройлер өндірісінде ет балапандарын өсірудің 2 негізгі технологиясы дамыды: біріншісі еден жабдықтарын, екіншісі жасушалық жабдықты қолдануды қарастырады. Осы екі технологияны да қолдана отырып, өндірушілер өндіріс шығындарын азайту мақсатында бройлерлерді өсіру уақытын қысқартуға тырысады. Дегенмен, бройлерді союдың жасы құс етінің дәміне, хош иісіне және басқа сапа көрсеткіштеріне белгілі бір әсер ететіні туралы деректер бар. Осыған байланысты бройлер тауықтарын өсірудің әртүрлі технологиялары мен бордақылау мерзімдерінің ет сапасына әсерін зерттеу қажеттілігі туындады.

Қазірде көптеген ет өндіру фабрикалары жеке меншік қарамағында. Соның бірі де бірегейі «Әулие-Ата Феникс» ЖШС құс фабрикасы. «Әулие-Ата Феникс» ЖШС Жамбыл облысы, Байзақ ауданына қарасты Мырзатай ауылында, Индейководческая көшесінде орналасқан. Аумағы 500 гектарды қамтитын кәсіпорын өндірісі голланд технологиясына негізделген. Бұл технологияны таңдау себебі-барлық процестер автоматтандырылған. Онлайн режимінде барлық процестерді басқаруға, сондай-ақ азық пен судың шығыны, олардың ара-қатынасы, өнімділігі, микроклиматты және т.б. қадағалауға болады. Осыған сәйкес шаруашылықта адам күшін аса қажет етпейді. Тек оларды бақылап қана отырса жеткілікті. Өндірісте технологияға негізделген келесі жүйелер бар:

- Азықтандыру жүйесі;
- Ниппельді суарғыш жүйесі;
- Микроклимат жүйесі;

Азық күнделікті графикпен беріліп отырады. Құс азығы арнайы құрама жем цехында дайындалады. Ниппельді суарғыш жүйесін пайдалану суды тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді, құс қорасының микроклиматын жақсартады және жұмысшылардың жұмысын жеңілдетеді. Микроклимат жүйесі технология негізінде бақылауда болады.

Бройлер құс фабрикаларының айрықша көзге түсетін ерекшеліктері: қысқа уақыт ішінде құс табынының тез жетіліп, өсуге қабілетті, азықты аз мөлшерде пайдалануы және еттің өзіндік құнының төмендігі. Нақтырақ айтсақ етті бағыттағы қазіргі кросстарының қолда бар қоры бройлер балапандарының жоғарғы өнімді кросстарын алуға мүмкіндік береді, олардың тірі салмағы 42-күндігінде, 1,8-2,0 кг құрама жем азығын жұмсай отырып, 1800-2000 г дейін жетеді.

Осыған орай шаруашылық мамандарының алдында олардың ішінен неғұрлым тиімдісін, әрі зоотехникалық-технологиялық және сапалық көрсеткіштер талаптарына толық жауап бере алатын түрін тандап алу мәселесі тұр. Бұл кросс балапандарының өз ерекшеліктері мен кемшіліктері, артықшылықтары бар екендігін көрсетеді. Бұл көрсеткіштер саланың рентабельділігі мен дайын өнім сапасына тікелей ықпал етеді.

Кәсіпорын бройлер тауықтары, ішек-қарындары, аяқтары, жамбастары, жіліншіктері, қанаттары, филелері, төс еттері, сорпалық жинақ, тартылған тауық еті және шұжықтар шығарады. Сонымен қатар құс қауырсындары арнайы жастық, көрпе жасайтын цехтарға жөнелтілсе, құс саңғырығы тыңайтқыш ретінде пайдаланылады. Қарап отырсақ, құс шаруашылығы ешқандай қалдықсыз жұмыс жасайды.

Сонымен қатар өндіріс құрамына:

Инкубаторлар;

Құрама жем цехы;

Лабораториялар;

Сою орталығы кіреді.

Инкубатор бір дегенде 500 мың құс жұмыртқасын инкубациялауға қауқарлы. Дегенмен бұл фабрикада ата-аналық табын ұсталынбайды. Инкубацияға арналған жұмыртқа көршіліес мемлекет Өзбекстаннан әкелінеді. Менің ойымша осы ата-аналық табын өзімізде өсірілсе неғұрлым тиімді болар ма еді. Себебі, біріншіден алыс жолдан тасымалдау жұмыртқа сапасына кері әсерін тигізбей қоймасы анық, екіншіден балапан шығымдылығына импорттаған ел жауапкершілік алмайды. Экономикалық жағынан да тиімді емес деп ойлаймын.

Құрама жем цехы құстарды азықпен қамтамасыз етеді. Оны өндіруде жануарлардың түрлері, жынысы, жасы, маусымы, өнімділік бағыты ескеріледі. Сондай ақ жемдердің кең ассортиментін шығаруға мүмкіндік береді. Негізі құрама жемде 19 түрлі қоспа болады. Бұлар тауыққа қуат береді. Оған қосатын әртүрлі қоспалар, дәрумендер сырттан келеді. Біздің өңірде майлы дақылдар тіпті аз егіледі. Егер майлы дақылдарды көбірек ексек, құс азығын дайындауға да мүмкіндік туар еді.

Сою орталығы күнделікті жұмыс жасайды. Күніне шамамен 12-13 мыңдай құс сойылады. Мұнда санитарлық-гигиеналық талаптар қатал ұсталады, себебі құс етін халық тұтынады.

Жұмыртқа мен құс еті қазір әлеуметтік маңызды азық-түлік қатарынан саналады. Сондықтан облыс көлемінде құс шаруашылығына көңіл бөлетін кез келді. Ішкі нарықты толықтай қамтамасыз етіп, құс етінің экспорттық әлеуетін арттыруда тауық етімен қоса суда жүзгіш құстардың да ет өндірісін арттыру қойылған мәселені шешудің бір жолы болып табылады[7]. Құс фабрикалары мен құс еті өндірісіне бөлінген субсидияларды көбейту арқылы АҚШ, Ресей мен Қытайдан келетін импортты азайтуға мүмкіндік зор. Құс шаруашылығын дамытуға мемлекеттен қажетті субсидия бөлудің нәтижесінде қазақстандық кәсіпорындардың өнімдері Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Моңғолия, Ауғанстан, БАӘ елдеріне шығады.

Сонымен қатар, құс өндірісінің тиімді жұмыс жасауы үшін саланың бәсекеге қабілеттігін арттыратын бизнестерді жүзеге асыру механизмдерін енгізу мен қолданылатын ресурстардың ұтымды комбинациясын және оларды тиімді бөлу мен прогрессивті технологияларды енгізу арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажет. Ал бәсеке өндірістік тиімділігін арттыра түсетіні анық [8,9]. Сол себепті құс өнімі кешені шаруашылықтарын жалпы алғанда саланың толықтай бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Нарық заңдарына сәйкес құс өнімдерін өндіруді сұранысқа сай анықталған белгілі бір лимиттерге дейін арттыру ұсынылады, себебі басқаша өндіріс әлеуетті сатып алушылардан сұраныстың болмауына әкелуі мүмкін [10].

### Әдебиеттер тізімі:

1 Таңатаров А. Б., Құс шаруашылығы: оқулық.[Мәтін]: Таңатаров А. Б., Әлпейісов Ш. Ә., Дабжанова С. Т. / - Алматы: [б. и.], -2005. - 312 б.

2 Әлпейісов Ә.Ш. Құс өсіру. [Мәтін]: Әлпейісов Ә.Ш., Тәжиев П.Қ. / Алматы: 2003. – 345 б.

3 Лукашенко В.С., Овсейчик Е.А., Окунева Т.С. Продуктивность и качество мяса цыплят органического производства [Текст]: // Лукашенко В.С., Овсейчик Е.А., Окунева Т.С. Птица и Птицепродукты. – 2019. – № 2. – С.21-24

4 <https://energyprom.kz>.

5 Горбунов В. Куры. Разведение, содержание, уход. [Текст]: – Москва: Агрос Литагент «АСТ», 2013. – 186с.

6 Кочиш И.И., Петраш М.Г., Смирнов С.Б. Птицеводство. [Текст]: – М.: Колос, 2003. – 407с.

7 Amantai, N. Omarkhozha, N.J. Kazhgaliev, M.B. Saginbaeva and D. Arney. Hatchability and hatchling sex ratio depending on holding period and physical parameters of hatching eggs. [Текст]/ Europ.Poult.Sci., 82. 2018, ISSN 1612-9199, © Verlag Eugen Ulmer, Stuttgart. DOI: 10.1399/eps.2018.228

8 Кенжегузин М.Б. Концептуальные основы формирования казахстанской модели устойчивого экономического роста [Текст]/ Кенжегузин М.Б. // В кн.: Казахстанская модель социально - экономического развития: научные основы построения и реализации. - Алматы: Атамұра, 2005. - 18 с.

9 Сагадиев К.А. Проблемы конкурентно способности национальной экономики[Текст]: Сагадиев К.А // В кн.: Проблемы устойчивого экономического развития в условиях глобализации. – Алматы, 2003. - Т 1. - С. 89-90.

10Есболова А.Қазақстандағы құс шаруашылығы өнімдері нарығы дамуының ғылыми негіздері [Текст]/ Есболова А., Сабденова Ж., Ахелова А.Л. // Экономика стратегия и практика. - 2016. - №3 (39). - С. 93-99

